

«Бекітемін»

ҚР БҒМ вице-министрі

Суханбердиева Э.А.

2017 ж.



**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
неміс тілі пәнінен тест спецификациясы**

Құжат Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес 2013 жылы Ұлттық тестілеу орталығында оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалауға арналған тест тапсырмаларының базасы қалыптастырылды.

1. Мақсаты: 9 сынып оқушыларының дайындық деңгейлерін бағалау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 10, екінші деңгейде – 7, үшінші деңгейде – 3 тапсырма.

Неміс тілі пәні бойынша тест тапсырмалары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасына сай құрастырылған.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Морфология	01	Етістік	01	Етістік. Етістіктің негізгі формалары. Әлді етістіктің негізгі формалары. Әлсіз етістіктің негізгі формалары. Етістіктің ережеге бағынбайтын түрінің негізгі формалары. Ырықсыз етістің шақ формалары. Осы шақ түрі. Жай өткен шақ түрі: Претеритумпассив. Күрделі өткен шақ түрі: Перфектпассив. Күрделі өткен шақ түрі: Плюсквамперфектпассив. Келер шақ. Көмекші етістіктер. Бұйрық рай. Партицип I, II. Партицип I-анықтауыш не пысықтауыш қызметінде. Партицип II-анықтауыш қызметінде. Инфинитив оралымдары. haben/sein+Infinitiv етістік тіркесі. Инфинитив оралымдары: um... zu+Infinitiv; ohne ...zu +Infinitiv; anstatt ... zu+ Infinitiv
				02	Етістіктің меңгерілуі Табыс септігін меңгеретін етістіктер. Барыс септігін меңгеретін етістіктер. Табыс және барыс септігін меңгеретін етістіктер
				03	Модаль етістіктер
		02	Қызметтік сөз таптары	01	Артикль. Белгілілік артиклінің қолданылуы Белгісіздік артиклінің қолданылуы Артикльдің қолданылмауы. Сұрау сөздер. Предлогтар. Барыс септігін қажет ететін предлогтар. Табыс септігін қажет ететін предлогтар. Барыс және табыс септігін қажет ететін предлогтар. Ілік септігін қажет ететін предлогтар

		03	Зат есім	01	Зат есім. Род категориясы. Мужской род зат есімдері. Женский род зат есімдері. Средний род зат есімдері. Зат есімнің көпше түрінің жасалуы Зат есімнің көпше түрі. Зат есімнің септелуі. Зат есімнің әлді септелуі. Зат есімнің әлсіз септелуі. Женский род зат есімнің септелуі. Зат есімнің ерекше септелуі. Зат есімнің көпше түрде септелуі
		04	Сын есім мен үстеу	01	Сын есім. Үстеу. Сын есімнің септелуі. Сын есімнің әлсіз септелуі. Сын есімнің әлді септелуі. Сын есімнің және үстеудің белгісіз артикльден, тәуелдік есімдіктерден және болымсыз есімдік «kein»-нен кейін септелуі
		05	Есімдік	01	Есімдік. Жіктік есімдік. Тәуелдік есімдік. Сілтеу есімдік. Өздік есімдік. Морфология. Болымсыз есімдік. Қатыстық есімдік. Жақсыз есімдік «es» және белгісіздік есімдік «man»
		06	Сан есім	01	Сан есім. Реттік, есептік, бөлшектік
02	Синтаксис	01	Сөйлем	01	Сөйлемдегі сөз тәртібі
				02	Сабақтас құрмалас сөйлемдер. Сабақтас құрмалас сөйлемдер. Мезгіл бағыныңқы сөйлем. Себеп бағыныңқы сөйлем. Мақсат бағыныңқы сөйлем. Толықтауыш бағыныңқы сөйлем. Анықтауыш бағыныңқы сөйлем
03	Лексика мен аударма	01	Лексика мен аударма	01	Лексика мен аударма
04	Мәтінмен жұмыс	01	Мәтінмен жұмыс	01	Мәтінмен жұмыс
				02	Шағын диалог
05	Елтану	01	Елтану	01	Германия, неміс тілінде сөйлейтін елдер
				02	Қазақстан

3. Тест жоспары:

Морфология – 18 тапсырма

Синтаксис – 10 тапсырма

Лексика мен аударма – 6 тапсырма

Мәтінмен жұмыс – 1 тапсырма

Елтану – 5 тапсырма

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Морфология: лингвистикалық білімдерді сөзге, сөз табына қатысты қолдану; қатысты есімдіктердің септелуі; қатыстық есімдіктердің предлогпен қолданылуы; сөз тіркестерінің (аффиксация, күрделі сөздер, конверсия) негізгі әдіс-тәсілдері; өтілген грамматикалық көріністердің белгілері (етістіктің шақ формалары, ырықты және ырықсыз етістер, модальды етістіктер және оның эквиваленттері, артикльдер, зат есімдер, сын есім мен үстеудің салыстырмалы шырайлары, есімдік, сан есім (реттік, жинақтауыш), предлог.

Синтаксис: лингвистикалық білімдерді тілдік материалға қолдану; жай және күрделі сөйлемнің құрылымының өзгешеліктері; төл сөзді төлеу сөзге аударудың ережелері; етістіктің формалары (причастие және герундий);

Лексика мен аударма: өтілген лексикалық бірліктердің (сөз, сөз тіркестері) негізгі мағыналары; тілді оқытатын елдегі сөздік этикеттің негізгі шамалары. (репликалар, кең таралған лексикалар).

Мәтінмен жұмыс: түпнұсқа мәтіннің негізгі мазмұнын түсіне отырып оқу (тақырыпты анықтау, негізгі ойды белгілеу, басты фактілерді анықтау, мәтіндегі негізгі фактілердің логикалық тізбектілігі).

Елтану: оқып жатқан елді, олардың халқын, мемлекеттік құрылымын, мәдениетін сипаттау (оқылатын мәдени тақырып аясында).

5. Тапсырмалар формасы:

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 15 тапсырмадан және оқу сауаттылығына арналған 5 тапсырмадан тұрады.

6. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 20.

ҰТО директоры



Р. Әлімқұлов